



Автор: Есимова Райгүл Олжабаевна

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 5-сынып




Бөлім: Адамгершілік - асыл қасиет

Тақырып: Ахмет Байтұрсынұлы «Адамдық диқаншысы» өлеңі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5. Т/Ж2. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: <ul style="list-style-type: none">Шығарма мазмұнымен таныса отырып, тірек ұғымдарды таба алады.Мәтінді мағыналық бөліктерге бөле отырып, өлеңнің идеялық мазмұнын анықтайды.Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын ұсынады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: <ul style="list-style-type: none">Шығармадағы көркемдегіш құралдарды ажырата алады (метафора).Оқушылар мәтін мазмұны бойынша тың идеялар ұсына алады. Кейбір оқушылар орындай алады: <ul style="list-style-type: none">А.Байтұрсынұлы өмір сүрген кезеңнің тарихи сипатын түсіндіре алады.Өлең идеясын өз сөзімен тұжырымдай алады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: <p>Өлеңнің мазмұнының идеясы мен тақырыбын түсінеді.</p> <ul style="list-style-type: none">Әдеби-теориялық ұғымды есте сақтайды. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <p>Адамдық тұқымы, көңілін көгерту, қор болған еңбек, диқаншы, садақа, жүндеу, қамыт, жасық, бейнет, зейнет, таяққа еті үйрену, метафора, алмастыру.</p> Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: <p>Адамдық диқаншысы, Ахмет Байтұрсынұлы, «Малым-жанымның садақасы, жаным-арымның садақасы», қамыт кию, қамшы жеу, сөз маржаны.</p> Талқылауға арналған сұрақтар: <ol style="list-style-type: none">Ақын өлеңді неліктен «Адамдық диқаншысы» деп атады?Диқаншы деген кімдер?Диқаншы мен «Адамдық диқаншысы» өлеңінің арасында қандай байланыс бар?
Бағалау критерийлері:	Кейбір оқушылар орындай алады: <ul style="list-style-type: none">А.Байтұрсынұлы өмір сүрген кезеңнің тарихи сипатын түсіндіре алады.Өлең идеясын өз сөзімен тұжырымдай алады.Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады.Әңгіменің мазмұндық тақырыбы мен идеясын ажырата алады.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жалпыға бірдей еңбек қоғамы құндылығын сақтау, еңбекқорлыққа, адамгершілікке баулу. Сын тұрғысынан ойлау. Жеке, жұптық, топтық жұмыс барысында өзара сыйластықты, жауапкершілікті сезіну.
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, Тарих, Өзін-өзі тану, Биология.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (7 мин)</p>	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі.</p> <ol style="list-style-type: none">1. Оқушылармен сәлемдесемін.2. Оқушылардың сабаққа қатысын қадағалаймын.3. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал туғызу, бір-бірінің жақсы мінез-құлық қасиеттерін тани отырып, сыйластық пен достықты қалыптастыру мақсатында шеңбер бойында тұру ретіне қарай «Оң жағымда...» тренингі өткізіледі.4. Сыныпқа қима қағаздағы «Әдептілік», «Ар-ұят», «Адамдық», «Белгі» сөздерін алғыза отырып, «Сөзден-сөйлем» әдісі арқылы топтарға біріктіремін. <p>II. Үй тапсырмасы.</p> <p>Сыныптық жұмыс. «Тәрбиенің қайнар бұлағы» тарауы бойынша алған білімдерін «Зымыран сұрақтар» әдісімен қорытындылаймын. Кері байланыс: «Бір сөйлеммен тұжырымдаңыз» әдісі</p>	<p>Image not found or type unknown</p>  <p>Image not found or type unknown</p>  <p>Image not found or type unknown</p>  <p>«Бір сөйлеммен тұжырымдаңыз»</p>
----------------------------------	--	--

Сабақтың соңы
(3 мин)

Үйге тапсырма.
«Адамгершілік» тақырыбына 2 шумақ өлең құрастырып келу.
Топтардың «Бағалау парақтары» жиналып алынады, талданады.

